



**Арыс қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өндөуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы** Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2017 жылғы 21 қыркүйектегі № 15/107-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 қазанда № 4232 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 10030 тіркелген) және "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өндөуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 тіркелген) сәйкес, Арыс қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Арыс қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Арыс қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өндөуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат*

*сессиясының төрагасы*

*Қалалық*

*мәслихат хатшысы*

*К.Елғонов*

*А.Байтанаев*

Арыс қалалық мәслихатының

2017 жылғы 21 қыркүйектегі

№ 15/107-VI шешіміне

1 қосымша

**Арыс қаласы бойынша тұрғын үй қоры мен тұрғын емес үй-жайлар объектілерінің тұрлери**

**Ескерту. 1-көсүмшә жаңа редакцияда - Түркістан облысы Арыс қалалық мәслихатының 29.11.2019 № 42/295-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Орташа жылдық жинақталу нормалары, м <sup>3</sup>
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 түрғын	1,1 1,4
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, карттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,62
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,69
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,37
5	Мекемелер, ұйымдар, оғистер, кенселер, жинақ банкттері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,92
6	Емханалар	1 келіп кету	0,014
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,11
8	Мектептер және өзге де оку орындары	1 оқушы	0,3
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,95
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, тұнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,43
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,03
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,03
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,12
14	Азық-тұлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,34
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м <sup>2</sup>	1,2
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,38
17	Азық-тұлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,14
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,05
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халықта қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	-
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,23
21	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	-
22	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,21
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1,36
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,95

25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	-
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,58
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,23
28	Зергерлік, аяққімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,5
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	-
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,18
31	Қала аумағында жаппай іс-шаралар үйымдастыратын заңды үйымдар	1000 қатысуышы	0,3
32	Бау-бақша кооперативтері	1 участке	-

Арыс қалалық мәслихатының  
2017 жылғы 21 қыркүйектегі  
№ 15/107-VI шешіміне  
2 қосымша

**Арыс қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өндеуге және комуге арналған тарифтері**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Арыс қалалық мәслихатының 20.03.2019 № 34/240-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№	Атаулары	Есептік бірлік	Бага, теңгемен
1	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету тарифтері		
1.1	Жайлы емес үйлер	1 адам	165
1.2	Жайлы үйлер	1 адам	145
1.3	Заңды тұлғалар	1 текше метр	1804
2	Тұрмыстық қатты қалдықтарды көмуге арналған тарифтері		
2.1	Жеке тұлғалар үшін	1 текше метр	150
		1 тонна	800
2.2	Заңды тұлғалар үшін	1 текше метр	200
		1 тонна	800
3	Тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жаратуға, қайта өндеуге арналған тарифтері		
3.1	Түсті және қара металдар сынықтары	1 килограмм	60
3.2	Рекультивациялау кезінде тұрақтандыруши материал ретінде қолданылуын қоспағанда, пайдаланылған тұластай шиналар және олардың бөліктері	1 килограмм	10
3.3	Макулатура, картон және кағаз қалдықтары	1 килограмм	10

3.4	Пластмасса, пластика, полиэтилен қалдықтары және полиэтилентерефталат орамасы	1 дана	3
3.5	Шыны сынықтары	1 дана	5
3.6	Кұрамында сынап бар лампалар мен аспаптар	1 дана	5
3.7	Электрондық және электр жабдықтары	1 килограмм	20
3.8	Литий, корғасын-қышкыл батареялары	1 килограмм	80

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК